

Кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 892 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Аударма

Кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Ресми куәландырылған мәтін

Кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қатысушылары - мемлекеттер үкіметтері а т ы н а н , б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р ,

достық, тату көршілік және ынтымақтастық қатынастарды дамыту мен нығайту олардың халықтарының түпкі мүдделеріне жауап береді деп есептеп, сондай-ақ олар арасындағы мәдени қатынастың көпжылдық дәстүріне сүйене отырып,

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті сияқты негізгі құжаттарда белгіленген адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды сақтауға бейілділігін д ә л е л д е п ,

гуманитарлық саладағы ынтымақтастық туралы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының келісімдерін басшылыққа алып,

болашақ ұрпақтың мәдени және ғылыми әлеуетін нығайту туралы алаңдаушылық б і л д і р е о т ы р ы п ,

төмендегі жайлы келісті:

1-бап

Тараптар Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі - Достастық) шеңберінде кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында өзара тиімді әрі тең құқылы ынтымақтастықты дамытады, кітап ісін қолдаудың келісілген мемлекетаралық саясатын іске асыруға және кітап туралы оң қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді.

2-бап

Тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес қолайлы құқықтық және экономикалық жағдайлар жасай отырып, тарих, экономика, саясат, ғылым және мәдениеттің түрлі аспектілерін көрсететін кітап өнімдерімен еркін алмасуды қамтамасыз етуге міндетті.

3-бап

Тараптар ұлттық заңнаманың негізінде олардың кітап тарататын және кітап шығаратын ұйымдарының қызметіне барынша қолайлы жағдай жасайды, әлеуметтік маңызды (балалар, оқу, ғылыми-техникалық, анықтамалық) әдебиетті, ұлттық классиктер мен қазіргі заманғы авторлардың көркем шығармаларын, жеке кітаптар, сериялар және басқа да баспа өнімдерін шығарудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға барынша көмектеседі.

4-бап

Тараптар баспалар, кітап саудасымен айналысатын және полиграфия кәсіпорындары мен ұйымдары, қауымдастықтар мен бірлестіктер арасындағы тура байланыс пен тікелей қатынастарды, сондай-ақ бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін мамандармен (баспагерлер, кітап таратушылар, полиграфистер, аудармашылар) алмасуды ынталандырады.

5-бап

Тараптар өз мемлекетінде Тараптар аумағында тұратын халықтар мен ұлттық азшылықтардың тілдерінде баспа өнімдерін шығаруға, басқа Достастыққа қатысушы мемлекеттерде шыққан осы тектес басылымдарды, соның ішінде шартты негізде - білім беру мекемелеріне арналған оқулықтарды әкелуге және еркін таратуға жәрдемдеседі.

6-бап

Тараптар Достастыққа қатысушы мемлекеттерде шығатын басылымдардың ұлттық библиографиялық және статистикалық есебі саласында ынтымақтастықты, тиісті ақпаратпен алмасуды дамытады.

7-бап

Тараптар ғылыми-техникалық проблемаларды, полиграфия кәсіпорындары мен ұйымдарын дамыту, олардың қуаттылығын пайдалану, материалдық-техникалық жабдықтау және сервистік қызмет көрсету мәселелерін шешуде өзара іс-қимылды кеңейтеді, сондай-ақ ұлттық заңнаманы есепке ала отырып кітап шығару және полиграфия саласындағы құқықтық базаны әзірлеу және техникалық стандарттарды қолдануда ынтымақтастық жүргізеді.

8-бап

Тараптар екіжақты және көпжақты негізде кітап көрмелерімен жүйелі түрде алмасады, бұндай алмасуды кеңейту және тереңдету үшін қолайлы жағдайлар жасайды, өз мемлекеттерінің кітап шығарушылар мен кітап таратушыларының Тараптар аумағында өткізілетін халықаралық кітап жәрмеңкелеріне қатысуына жәрдемдеседі.

9-бап

Тараптар өзара ақпарат және одан әргі ынтымақтастықтың перспективаларын анықтау үшін кітап шығарушылар, кітап таратушылар және полиграфистер қауымдастықтары мен бірлестіктері өкілдерінің қатысуымен тиісті министрліктер мен ведомстволар басшыларының кездесуін (әр мемлекетте кезекпен) өткізетін болады.

Тараптар өзара іс-қимылының мәселелерін практикалық тұрғыдан үйлестіру үшін комиссиялар мен жұмыс топтары құруы мүмкін.

10-бап

Кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастықтың нақты жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыру жөніндегі Тараптар заңды тұлғаларының арасындағы өзара есеп айырысулар тиісті шарттардың негізінде жүргізіледі.

11-бап

Осы Келісімді түсіндіру және орындау кезінде дау туындаған жағдайда олар Тараптардың тиісті органдары арасында келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешілетін болады.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың ол күшіне ену үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы үшінші хабарламаны депозитарийге өткізген күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім тиісті хабарламаны депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

13-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен ресімделеді және осы Келісімнің 12-бабымен көзделген тәртіпте күшіне енеді.

14-бап

Осы Келісім оның баптарын бөлісетін және осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді өз мойнына алуға дайын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерге қосылу үшін ашық. Қосылатын мемлекет үшін Келісім қосылу туралы құжаттарды депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кірмейтін, Келісімнің баптарын бөлісетін мемлекеттер үшін қосылу барлық Тараптардың келісімімен бұндай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен жүзеге асырылады. Қосылу бұндай келісуге келісім туралы соңғы хабарлама депозитарийге өткізілген күннен бастап күшіне енді деп саналады.

15-бап

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы қолданыста болады. Бұл мерзім өткеннен кейін Тараптар басқа шешім қабылдамаған жағдайда Келісім әрқашан автоматты түрде бес жылдық мерзімге ұзартылады.

16-бап

Әрбір Тарап шығуға дейін кем дегенде 6 ай бұрын ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шыға алады.

2004 жылғы 16 сәуірде Шолпон-Ата қаласында бір түпнұсқа данасында орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Азербайжан Республикасының
Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*
*Армения Республикасының
Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*
*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*
Грузия
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*
*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін* *Үкіметі үшін*

Молдова Республикасының
Ресей Федерациясының
Тәжікстан Республикасының
Түркіменстан
Өзбекстан Республикасының
Украина